



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



ДӘСТҮРЛЕР МЕН ДҮНИЕТАНЫМДАР ДИАЛОГЫ

2

МЕМОРАНДУМ



ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІР

7



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

15.10.2022

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

16.10.2022

Түнде:



+4+6 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр жауады.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №121 (6256) 15 қазан, сенбі, 2022 жыл.

ӘКІМ

ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫС АЗ ЕМЕС, АТҚАРАР ЖҰМЫС ОДАН ДА КӨП

Шаһар басшысы Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Үшінші мәрте өтіп отырған кездесуде қала әкімі ауданның дамуы мен тұрғындардан түскен ұсыныстар бойынша атқарылған жұмыстар туралы баяндап берді. Кездесуге 250-ден астам адам келді.

3

ЖӘРМӨҢКЕ

САПАЛЫ ӨНІМ, ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒА

Алматыда ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі жалғасуда



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматылықтарға Шығыс Қазақстан және Абай облыстарының шаруа қожалықтары мен фермерлері өздерінің ала жаздай баптаған өнімдерін ұсынбақ.

12

ҚЫСҚА...

- Елорда төрінде бірқатар ірі халықаралық іс-шаралар өтті.
- АӨСПК трансформациясы жөніндегі Астана мәлімдемесі қабылданды.
- ТМД мемлекет басшылары терроризмге қарсы күрес бағдарламасын қабылдады.
- Қазақстан мен Финляндия 2023 жылы бірлескен орман форумын өткізуге келісті.
- Қазақстандық студенттер Ресейдегі екі ЖОО-да білім ала алады.
- Астанада ТМД елдері Үкімет басшыларының кеңесі өтеді.
- Баланың туу туралы куәлігін енді онлайн алуға болады.
- Қалада ЖРВИ-мен сырқаттанудың маусымдық өсуі байқалады.
- Алматы Индустриалды аймағында 2,9 мың жұмыс орны құрылды.
- Бүгін Алматы қаласының 17 медициналық ұйымында сүт безінің қатерлі ісігіне тегін тексеру өтеді.

www.almaty-akshamy.kz





● ПРЕЗИДЕНТ

ДӘСТҮРЛЕР МЕН ДҮНИЕТАНЫМДАР ДИАЛОГЫ

Елорда төрінде бірқатар ірі халықаралық іс-шаралар өтті

Мемлекет басшысы Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) VI саммитіне, ТМД мемлекеттері басшыларының саммитіне, «Орталық Азия–Ресей» саммитіне қатысып, сөз сөйледі.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗАМАНАУИ ДИПЛОМАТИЯ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) VI саммитінде Кеңесті құру туралы бастаманың көтерілгеніне 30 жыл толып отырғанын атап өтті. Осы кезеңде АӨСШК көпжақты ынтымақтастық платформасына және халықаралық заманауи дипломатия институтына айналды. Мемлекет басшысы ұйымға мүше мемлекеттердің қатарына кірген Кувейтті арнайы құттықтады.

– XXI ғасыр Азия ғасыры болады деген болжам бүгінде шындыққа айналды. Азия номиналды жалпы ішкі өнім мен сатып алу мүмкіндігі бойынша әлемдік экономикалық көшбасшы ретінде мойындалды. Аймақ айтарлықтай адами және табиғи ресурстарға ие. Әлемдегі ең ірі 30 қаланың 21-і Азияда орналасқан. 2030 жылға қарай орта таптың қажетіне жұмсалатын 30 триллион доллардың тек 1 триллион доллары батыс экономикасына тиесілі болмақ. Дегенмен, Азияның болашағы мәдениеттер, дәстүрлер мен дүниетанымдар арасындағы диалогты нығайтуға ұжымдық дайындығымызға байланысты. АӨСШК-ті дамыту үшін қабылданған қадамдар осы мақсатқа сай келетініне сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент мәлімдегендей, Қазақстан осы ұйымның төрағасы ретінде АӨСШК аясындағы үдерісті одан әрі ілгерілетуге бағытталған күш-жігерді арттыру міндетін өзіне алып отыр. АӨСШК-тің талдау орталықтарының форумы Азияның түкпір-түкпірінен келген сарапшылар мен мамандарға тәжірибе, идея алмасу және бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру үшін әмбебап платформа болады. Биыл Астанада АӨСШК-тің Іскерлік кеңесі мен Бизнес форумы, сондай-ақ АӨСШК Жастар кеңесінің бесінші отырысы өтті. АӨСШК Қоры құрылады. Оның мақсаты – АӨСШК жобаларын іріктеуге және оларды жүзеге асыруға ерікті түрде қаражат жинаудың арнайы тетіктерін қалыптастыру. Түркіменстан АӨСШК-ке бақылаушы ел ретінде қосылғаны айтылды. Мемлекет



басшысы АӨСШК кеңістігінде шын мәнінде жұмыс істейтін азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін механизм қажет екеніне назар аударды.

– Азия әлемдегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің үштен бірін өндіргенімен, бұл саладағы олқылықтардан әлі де толық арыла қойған жоқ. Біз маңызды өнімдердің ұлттық стандарттарға сәйкестігін бағалаудың бірін-ғай тәсілдерін әзірлеуіміз керек. Сондай-ақ, тауарлардың бұл санаты үшін АӨСШК-ге мүше мемлекеттер арасында «жасыл дәліздер» ашуымыз қажет. Штаб-пәтері Астанада орналасқан азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымымен АӨСШК арасындағы ынтымақтастықты жолға қою перспективті болмақ. Сонымен қатар, елдеріміздің ауыл шаруашылығы әлеуетін ескере отырып, біз мұқтаж елдерді азық-түлікпен және тыңайтқыштармен қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдай алар едік, – деді Мемлекет басшысы. Ол адами өлшем, адами ресурстарды қорғау және дамыту басты назарда болу керек деп санайды.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес саммитінде бірқатар құжат қабылданды.

ДОСТАСТЫҚ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада өткен ТМД-ға мүше мемлекеттер басшылары

кеңесінің шағын және кеңейтілген құрамдағы отырыстарына қатысты.

Шағын құрамда ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың өзекті мәселелері жөнінде жан-жақты пікір алмасылды. Тәуелсіз мемлекеттер достастығын дамытудың негізгі басымдықтары айқындалды. ТМД Атқарушы хатшысы лауазымын ТМД Бас хатшысы лауазымына өзгерту туралы мәселе шағын форматта талқыланды.

– Бірлескен жұмыстың нәтижесінде сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге, тығыз мәдени-гуманитарлық байланыстарымызды сақтауға, сондай-ақ Достастықтың әлеуеті мен халықаралық беделін арттыруға бағытталған бірқатар маңызды бастамалар іске асырылды. Күрделі экономикалық жағдайда Достастықтың экономикалық әлеуетін нығайтуға және ТМД-ның 2030 жылға дейінгі Экономикалық даму стратегиясының ережелерін орындауға ерекше назар аударылды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің төрағасы, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, өткізілген саммиттің нәтижелі болғанын айтты.

– Біздің отырысымыз нәтижелі болды деп айтуға толық негіз бар. Менің ойымша, ТМД шеңберіндегі көпжоспарлы өзара іс-әрекеттің кең ауқымы және халықаралық күн тәртібі жөнінде өте пайдалы пікірталас

өткізді. Осы ретте айтылған маңызды ұсыныстар мен қаралған құжаттар ТМД кеңістігіндегі ынтымақтастықты одан әрі дамытуға және жетілдіруге бағытталады. Бұл ортақ мақсатымызға сай келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия–Ресей» саммитінде халық арасындағы арандатушылық әрекеттерге қарсы тиімді әрекет ету қажет екенін айтты.

«Ең бастысы, біздің достығымыз, тату көршілігіміз және стратегиялық әріптестігіміз берік болуы тиіс. Біз халық арасындағы арандатушылық әрекеттерге тиімді қарсы тұруымыз керек. Біздің тарихи және мәдени құндылықтарымыздың мызғымастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бірлескен шаралар кешенін уақытылы қабылдау қажет», – деп атап өтті Президент саммит барысында.

Президент Ресей Федерациясына экспортты арттыруға дайын екенін мәлімдеді. «Қазіргі таңда өндірістік қуаттарымызды дамыта отырып, біз өзара тиімді негізде шетелдік өнімдердің көптеген түрлерін бір-бірімен алмастыра аламыз. Экспорттық-импорттық операцияларды талдау бұл бағытта кең мүмкіндіктер барын көрсетеді», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент ТМД елдерінің мемлекет қайраткерлерін арандатушылық сипаттағы сөздерден аулақ болуға шақырды. «Цифрлық технологиялардың, әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің қарқынды дамуы жағдайында орынсыз айтылған кез келген сөз, әсіресе жастар арасында өшпенділік пен этносаралық араздық туғызуы мүмкін. Соның салдарынан қоғамдағы бірлік пен келісімді нығайтуға бағытталған көпжылғы күш-жігер зая кетеді. Сондай-ақ, дау-жанжал мен дүрбелеңді болдырмау үшін салалық ведомстволар мен қоғамдық ұйымдар тығыз ынтымақтастық орнатып, түсіндіру жұмыстарын барынша белсенді жүргізуге тиіс. Көп нәрсе біздің мемлекет қайраткерлеріміздің саяси жауапкершілігіне де байланысты. Өкінішке қарай, кейбір елдерде серіктес мемлекеттерге қатысты арандатушылық сипаттағы сөздер айтылып жүр. Мұндай жағдай ашу-ыза туғызатыны заңдылық және деструктивті күштер үшін ұтымды болмақ», – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● БРИФИНГ

ІРО-ҒА ДАЙЫНДЫҚ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазақстан баспасөз клубында «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Даму және жекешелендіру жөніндегі басқарушы директоры Ернар Жанәділ мен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры Дәурен Қарабаевтың қатысуымен Қордың жекешелендіру бағдарламасын іске асыру және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның ІРО мәселелері жөніндегі баспасөз брифингі өтті.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Даму және жекешелендіру жөніндегі басқарушы директоры Ернар Жанәділ «ҚазМұнайГаз» компаниясы қор нарығына желтоқсан мерекелеріне дейін шығарылатынын хабарлады.

«Қазақстанның барлық өнірінде дерлік қаржы нарығына инвестиция салу барысы туралы және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның ІРО-ға шығу жоспары туралы айтылды. Әдетте ІРО-да өтінім қабылдау 3 күннен бастап, 7 күнге дейін жалғасады. Алайда, көптеген қазақстандықтың қаржы нарығына алғаш қадам басқалы отырғанын ескеріп, өтінім қабылдау уақытын 3-4 аптаға дейін созылды. «ҚазМұнайГаз» ІРО мәмілесін желтоқсанның бірінші жартысында орындауды жоспарлап отырмыз», – деді Ернар Жанәділ.

Сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры Дәурен Қарабаев ІРО қарсаңында ҚазМұнайГаз 2031 жылға дейін даму стратегиясын жанартқанын, геологиялық барлау

жобаларын одан әрі дамыту жоспарлап отырғанын хабарлады.

«Біз Теңіз және Қашаған ірі жобаларында мұнай өндіруді ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. Полиэтилен, бутадиян жобалары бойынша қарқынды жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар, мұнай-газ химиясын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Полипропилен өндіретін зауыт таяуда іске қосылды. Бұдан басқа, инвестициялық тартымдылықты арттыру үшін тау-кен жобаларынан басқа, біз мемлекетіміздің азаматтарына дивидендтерге көбірек сенімділік беретін арнайы шаралар қабылдаймыз. Біз ІРО алдында жарияланатын алдағы үш жылға арналған дивидендтердің ең төменгі мөлшері жайлы айтып отырмыз», – деді Дәурен Қарабаев.

Спикерлердің айтуынша, «ҚазМұнайГаз» даму жолы дивиденд тарихы ретінде ғана қарастырылмайды. Компания жұмысының бір ізге түсіп үлгергеніне және мұнай бағасы қолайлы болса, мол дивиденд ағымымен қамтамасыз ететініне қарамастан, бұл – өсу тарихы, себебі, өсу нүктесі ретінде қарастыруға болатын мұнай химиясы мен геологиялық барлау жобалары және Теңіз немесе Қашағандағы жоспарлы кеңейту жұмыстары бар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 27 маусымда «Астана» халықаралық қаржы орталығын басқару жөніндегі кеңестің отырысында қарапайым азаматтардың ІРО-ға қатысу мүмкіндігін кеңейту қажеттігін атап өткенін естеріңізге сала кетейік.

«Еліміздің қарапайым азаматтарының ұлттық компаниялардың акцияларын сатып алып, салымдардан өз дивидендтерін алу мүмкіндігі болуы тиіс. Осылайша халықтың инвестициялық мәдениеті қалыптасады. ІРО-ға қатысу Қазақстанның бүкіл тұрғындары үшін қолжетімді болуға тиіс. Ал бұл үшін қағазбастылық пен бюрократияны болдырмайтын жаңа цифрлық шешімдер қажет», – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Брифинг барысында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның ІРО-ға дайындығы, қордың акцияларын орналастыру, оның компаниядағы үлесі, сонымен қатар, компанияның акцияларын сатып алатын дивидендтер жөнінде маңызды мәселелер талқыланды. Сондай-ақ, 2023 жылы ІРО-ға қандай кандидаттарды шығаруды жоспарлап отырғаны жөнінде ақпараттармен бөлісті.

Ашық диалог форматында өткен баспасөз мәслихатында қатысушылар мен БАҚ өкілдері өздерін қызықтырған сұрақтарға толыққанды жауап алды.

Айта кетейік, ІРО және Қордың жекешелендіру бағдарламасы туралы толығырақ ipo.sk.kz сайтынан білуге болады.

● ЖОЛДАУ – 2022

Алматыда ел Президентінің Жолдауын талқылауға арналған түсіндіру жұмыстары жалғасып жатыр.



Суретті түсіріп Саят СЕРІКБАЙҰЛЫ

АЙҚЫН БАҒЫТ, БАСТЫ БАҒДАР

«Көкжиек» ықшамауданында мүмкіндігі шектеулі жандар Жолдауды талқылады



Рая ЕСКЕНДІР

Жалпы, сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Сондықтан еліміздің болашағын айқындайтын құжатты талқылау барлығымыз үшін маңызды. Жетісу ауданы, «Көкжиек» ықшамауданында мүмкіндігі шектеулі адамдармен Жолдауды талқылау өтті. Кездесу барысында Мемлекет басшысының кең ауқымды мәселелер бойынша нақты тапсырмалар бергені туралы жан-жақты айтылды. Әсіресе, халықтың тұрмыс жағдайы, денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің түрлері туралы тереңірек ақ-

параттар қамтылды. Сөз сөйлегендер Мемлекет басшысының Жолдауы еліміздің дамуы үшін айқын бағыт, басты бағдар болатынын атап өтті.

– Біздің еліміз қазір қайтадан құрылуда. Біз басқа деңгейге жетуге талпыныс үстіндеміз. Елімізде референдум өтті. Көптеген өзгерістер болып жатыр. Бұрын депутаттар халықпен кездесуге жылына бір рет келетін еді. Шыны керек, халық тіпті көптеген депутаттарды көрмеді. Дегенмен, қазір бәрі өзгеріп жатыр. Біз сіздердің қойып жатқан барлық сауалдарыңызды тиісті орындарға жеткіземіз, – деді Жетісу ауданы Аманат партиясы филиалы төрағасының орынбасары Ерлан Давов.

Кездесу барысында көптеген сұрақтар қойылып, жан-жақты әңгіме өріс алды.



ӘКІМ

ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫС АЗ ЕМЕС, АТҚАРАР ЖҰМЫС ОДАН ДА КӨП

Шаһар басшысы Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

(Басы 1-бетте)

КОММУНАЛДЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ТҰРМЫС ДЕНГЕЙІН КӨТЕРЕДІ

Су мәселесі қашан да өзекті. Биыл сәуір айынан бастап жалпы ұзындығы 75,8 км сумен жабдықтау және су бұру желілерінің құрылысы жобалануда. Құрылыс 2023 жылдың 2 тоқсанында басталып, 2024 жылдың соңына қарай аяқталады. Жоба ауданда 11 мыңнан астам абонентті сапалы сумен және кәрізбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қала әкімі Ерболат Досаевтың айтуынша, аудандағы жолдардың пайдалану сипаттамаларын жақсарту үшін жалпы ұзындығы 24,5 км болатын 22 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. 2022 жылдың қараша айының соңына дейін Саин (4,7 км) және Навои (1,8 км) көшелерінде жолдарды орташа жөндеу аяқталады.

Ауданда қатты жауын-шашын кезінде су басу мәселесі өзекті болып қала береді. ТЖ желісі бойынша 4 учаскені жою жұмыстары жүргізілуде (диаметрі 1 м. Райымбек даңғылы – Момышұлы көшесі және Яссауи көшесіне өту жолымен), жұмыстарды жыл соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселесі бойынша ауданда 168 бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Бейнемониторинг жүйелерінің желісін кеңейту үшін қазан айында адамдар көп жиналатын жерлерде және көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларында қосымша 359 камера орнату басталды. Барлық камералар 2022 жылдың соңына дейін орнатылады.

Оқушы орындарының тапшылығы мәселесін шешу үшін 1 қыркүйекке қарай 1725 орынды №117 және 132 мектептерге 2 қосымша нысандар пайдалануға берілді және 400 орынды «Достық» жекеменшік мектебі ашылды. 4 мектепте (№122, 127, 141, БИЛ) сейсмикалық күшейту мен күрделі жөндеу жалғасуда. Жұмыстың аяқталу мерзімі – 2023 жылдың 4 тоқсаны.

Мектепке дейінгі ұйымдарда орын тапшылығын қысқарту мақсатында биыл 348 орынды 6 жекеменшік балабақша ашылды. Ауданда 280 орынды екі мемлекеттік балабақша салу жұмыстары жүргізілуде. «Алтын бесік» ш/а 120 орынды бірінші балабақшаның құрылыс-монтаж жұмыстары 2023 жылдың бірінші тоқсанына жоспарланған. Екінші нысан бойынша ЖСҚ әзірлеу келесі жылы басталады.

Медициналық қызмет көрсетудің қадамдық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін «Мамыр-1» ықшамауданында бір ауысымда 200 адам қабылдайтын отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның құрылысы жүргізілуде. Жұмыстарды 2023 жылдың 1 тоқсанында аяқтау жоспарлануда, сондай-ақ «Қуаныш» ықшамауданында ауысымда 300 адам қабылдайтын №18 емхананың жаңа негізгі ғимараты-

ның құрылысы бойынша жұмыстар жүргізілуде.

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ БАРШАҒА ОРТАҚ

Қала әкімі Ерболат Досаев «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының іске асырылу барысы туралы да хабардар етті. Биыл ауданда 23 жоба аяқталды. 17 қоғамдық кеңістік, 4 шағын жаяу жүргіншілер аймағы абаттандырылып, 2 автоматты суару жүйесі орнатылды.

«Мамыр-1» шағынауданының тұрғындары 29/6 үйдің жанындағы аула алаңындағы резеңке жабынды қалпына келтіру мәселесін көтерді. Ауланы сапасыз жөндеу және басқа да ескертулерді мердігер ұйым («ГрадСтрой-Сервис» ЖШС) өзінің кепілдік міндеттемелері шеңберінде толығымен жойды.

2022 жылы 191 аула аумағына күрделі жөндеу жүргізу жоспарланған болатын. Бүгінде №8,10, «Жетісу-1, 2, 3, 4» ықшамаудандарындағы 167 аулада құрылыс-монтаждау жұмыстары жүріп жатыр. Конкурстардың нәтижелеріне бірнеше рет шағымдануға байланысты №7 және 12 шағынаудандардағы 24 аула аумағын күрделі жөндеу 2023 жылға ауыстырылды. 2022 жылдың соңына дейін №9 және 11 ықшамаудандардағы 30 аула аумағын күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтау жоспарланған.

137 ауланың жөндеу жұмыстары келесі жылға ауысады. Олар бойынша негізгі жұмыстар биыл аяқталады. Алдыңғы жылдары төселген жабынның сапасына шағымдардың көп болуына байланысты балалар мен спорт алаңдарының резеңке жабындарын құю жұмыстары ауаның температуралық режимін сақтау қажеттілігіне байланысты келесі жылы жүргізіледі. Аудан бойынша тұрақты су басатын 6 учаске анықталды.

Алматы әкімімен кездесу барысында тұрғындар жолдарды жөндеу, кәріз және электр желілерін абаттандыру және т.б. мәселелерді көтерді.

«Қоғамдық қауіпсіздік мәселесіне, әсіресе Әуезов ауданындағы жол қауіпсіздігіне жеке тоқталып өткім келеді. 9 айдың қоры-

тындысы бойынша қалада тіркелген жол-көлік оқиғалары көлеміндегі ауданның үлесі 14%-ды құрады (2620 жол-көлік оқиғасының 375-і). Азаматтар өтініштеріне жүргізілген талдауды ескере отырып, Мұхамеджанов пен Фуркат көшелеріндегі көлік құралдары қозғалысының қарқынын реттеу шаралары қарастырылды», – деді қала басшысы.

Көліктің жылдамдығын төмендету мақсатында Мұхамеджанов пен Исаев көшелері қиылысына 2 жасанды жол кедергісі және 4 жол белгісі («балалар» және «ең жоғары қозғалыс жылдамдығын 40 км/сағ шектеу») орнатылды.

Фуркат көшесінің бойына Төле би – Шымбұлатов учаскесінде жол белгілері қойылып, «Тоқтауға тыйым салынған» белгісі орнатылды.

Жаяу жүргіншілер қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жыл басынан бері Жандосов (3), Момышұлы (2), Шаляпин (1), Алтынсарин (1), Өтеген батыр (1), Сүлейменов (1) көшелерінің бойына 9 жаңа бағдаршам орнатылды. 31 қазанға дейін Сүлейменов (3), Жандосов (1), Шаляпин (1) көшелерінің бойына тағы 5 бағдаршам орнату және іске қосу жұмыстары аяқталады.

ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА 168 БЕЙНЕБАҚЫЛАУ КАМЕРАСЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Бейне-мониторинг жүйелері желісін кеңейту үшін қазан айында адамдар көп жиналатын орындарға қосымша

359 камера, оның ішінде көппәтерлі тұрғын үйлер аулаларына 275 камера, мектептер мен колледждер жанында – 42, жол қиылыстарына – 24, алаңдар мен мешіттерге – 12, парктер мен скверлерге – 6 камера орнату басталды. 2022 жылдың соңына дейін камералар орнатылады.

Көлік құралдарын жүргізу тәртібін жақсарту үшін бүгінде 65 «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешені (526 камера) жұмыс істейді. 2023 жылдың 1 тоқсанында аудан көшелерін 75 «Сергекпен» қосымша жабдықтау жоспарлануда (600 камера, бүгінде сметалық есеп жүргізілуде, қазан айының соңында аяқталады).

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Жыл басынан бері Әуезов ауданында ұзындығы **24,5 шақырым** болатын **22** көше мен өтпе жолдарда орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.



2023 жылдың I тоқсанында аудан көшелерін **75** «Сергекпен» қосымша жабдықтау жоспарлануда.



Әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде №104 мектепке **400 орынды** қосымша құрылыс салу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуде.



Ұзындығы **44 шақырым 67 көшенің** арық желісін реконструкциялау және салу жұмыстары басталды.



Биыл «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша барлық **23 жоба** аясында жұмыстар аяқталды.

P.S.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Әуезов ауданының тұрғындарымен үшінші кездесуі 2,5 сағатқа созылды. Шаһар басшысы өз баяндамасында жаңа жобаларды таныстырған соң тұрғындардың әлеуметтік, қауіпсіздік, жеке және өзге де мәселелер бойынша қойған сұрақтарына нақты жауап берді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес жыл соңына дейін Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді – тоқсанына 8 ауданның тұрғындарымен бір-бір кездесу жоспарланған.

Дайындағандар Гүлжанат СЕМБАЕВА,
Досбол АТАЖАН.



МӨРТЕБЕЛІ МЕЙРАМ



ЖОЛДАУ–2022:

«Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҚАЙТА ЖАҢҒЫРҒАН МЕРЕКЕ

Ұлытауда өткен алғашқы Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы «Республика күні» мейрамын қайта жаңғыртып, ұлттық мереке деңгейінде атап өту туралы сөз еткен еді.

Еліміз тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап жұрт болып бұл күнде ортақ Отанымыздың қадір-қасиетін айқындап, әлемге паш етіп, мерейлі мереке ретінде атап өтетін. Кейінгі ұрпақ біле бермейтін бұл даталы күн өз егемендігін жариялаған дархан елімізде 2009 жылға дейін 25 қазанда тойланып келген еді. Шындығында, 25 қазанның Республика күні болып аталып өтілуі маңызды, әрі мұнда елдің біртұтастығы үшін киелі тарихи мәлімет жатыр.

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қаз КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Сол сәттен бастап-ақ егеменді Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде таныла бастады. Қабылданған декларация Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналды. Бұл декларацияның қабылдануымен егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздеріміз бекітілді. Қазақстанның егемендігі және территориясының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дәйектелді. Осы кезден бастап демократиялық қоғам құру мақсатында ел ішіндегі қоғамдық-саяси

құрылымға біраз өзгерістер енгізіле бастады. Бұл құжат арқылы әлем картасындағы жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасының негізі қаланды.

Сондықтан да Республика мерекесі әр қазақ үшін айрықша маңызды деп есептеймін. Егеменді ел деп танылған сәттен бастап Қазақстан бүкіл әлемде маңызы бар ел ретінде танылып, өзінің мемлекеттік статусын қорғап келеді. Осы фактордың негізінде Қазақстан әлем картасынан ойып тұрып орын алған болатын.

1992 жылдан бері тойланған Республика күні мемлекеттік мерекелер тізіміне тек 2001 жылы ғана ресми түрде енген еді. 2001 жылғы 13 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» №267 заңмен бұл күн мемлекеттік мерекелер қатарына қосылды. Ал 2009 жылы аталған заңға өзгерістер енгізілді.

Сөйтіп, 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні ұлттық мереке болып өзгергендіктен, Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мерекенің тарихи маңызын алға тартып, қайта жаңғырту керек екенін мәлімдеген соң, 29 қыркүйекте ұлттық мереке ретінде қайта бекіту туралы заңға қол қойды.

«Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық



батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», – деді Мемлекет басшысы Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысында сөйлеген сөзінде.

Қазіргі уақытқа дейін ұлттық мереке ретінде тойланып келген тәуелсіздік күні мемлекеттік мерекеге ауыстырылды. Мемлекет басшысының пайымдауынша, бұл күн күнтізбеде мереке емес, еске алу күні сипатында аталып өтілетін болмақ. Дегенмен, мемлекеттік мереке деген мәртебесі жойылмайды.

Биылдан бастап 25 қазан Республика күні ретінде атаулы даталардың біріне айналып,

мемлекеттік мереке мәртебесіне ие болмақ. Еліміз үшін маңызды қадам жасалған сәт тарих қойнауында қалып қоймай, қазақстандықтар үшін құрмет тұтатын мемлекеттік тұрғыда маңызы бар мерекеге айналады. Ал өз кезегінде ұландық жауынгерлер мерекені атап өту барысында қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін сенімді қамтамасыз ететініне сенімім мол.

Талапкер ӘМІРЕЕВ,

генерал-майор,

ҚР Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы.

АКЦИЯ



Көк байрағым елдігім, еркіндігім!
Республика күні құтты болсын!

ПАТРИОТТЫҚ
РУХ

«Қыран елім – Қазақстаным!» патриоттық акциясы жарияланды

Республика күнінің жаңа ұлттық мереке ретінде қоғамдағы тарихи мәртебесін бекіту мақсатында әлеуметтік желілерде «Қыран елім – Қазақстаным!» патриоттық акциясы жарияланды.

Акция үш бағыт бойынша жүргізіледі:

- Республика күніне арналған патриоттық өлеңдер жариялау;
- көркем суреттер байқауы;
- ерекше бейнеқұттықтаулар жазу.

Акция #РеспубликаКүні хештегімен жариялану қажет. Патриоттық акция жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен марапатталып, облыстық, аудандық, республикалық мәдени іс-шараларға қатысуға мүмкіндік алады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

БІРГЕМІЗ!

Қиын сәтте қостанайлықтарға қол үшін созғандардың қатарында
«Alatau Aqparat» медиахолдингінің қызметкерлері де бар

Естеріңізде болса, 2022 жылдың 2 қыркүйегінде Қостанай облысының ормандарында өрт болып, салдарынан бірнеше елді мекен тіттелдей жанып кеткен еді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Айтып келмейтін апаттан зардап шеккен қостанайлықтарға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзі барып, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Үкіметке төтенше жағдай салдарларын жою үшін қажетті көмектің барлығын көрсетуге тапсырма берген болатын. Әп-сәтте әлем назарын аудартқан алапат өрттің салдары оңай болған жоқ. Бірақ «көп түкірсе – көл» деген. Қызыл жалынға оранған өңірге еліміздің әр аймағынан гуманитарлық, қаржылай көмек көрсетіп жатқан халқымыз өзінің бірлігін көрсетті. Тіпті жеке кәсіпкерлер ерікті түрде өзінің жеке қаражатына киім-кешек те жіберіп жатты.

Тілсіз жаумен бетпе-бет келген халық қауіпсіз жерге көшірілді. Үйінен айырылған және уақытша эвакуацияланған тұрғындарға еліміздің әр аймағынан гуманитарлық көмек көрсетіліп, еліміздегі жеке кәсіпкерлер мен компаниялар ақша аударды. Бірнеше мемлекеттік орган қызметкерлері бір күндік еңбекақысын берді. Қаржы және Ұлттық экономика министрлігіне Үкіметтің резервінен өрттен келтірілген залалды өтеуге қаражат бөлу туралы қаулы жобасын дайындау тапсырылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында баспанасынан айырылған азаматтар үшін жаңа тұрғын үйлер салу жұмысы шұғыл басталып, құрылысшылар дереу іске кіріскен болатын. Президенттің жеке бақылауында



болған бұл мәселе бүгінде өз нәтижесін беріп, Қостанай өңірінде өрттен зардап шеккендерге арналған үйлер бой көтерді. Күні кеше Қостанай облысының әкімі Әуликөлде бой көтерген жаңа ықшамауданға арнайы барып, тәулік бойы үздіксіз жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарымен танысып қайтты. Қаздай тізілген қызыл шатырлы үйлер қажетті инфрақұрылыммен толықтай қамтамасыз етілген. Қазіргі таңда барлық үйге жылу берілді.

Ресми деректердегі мәліметтерге сүйенсек, тұрғын үйлердің және инженерлік желілердің жобасын «ҚазҚСҒЗИ» АҚ және «Мемсараптама» РМК институттары әзірлеген. Айтуларынша, барлық үй су, газ, электр энергиясы, сондай-ақ кірме жолдармен қамтамасыз етілген. Қостанай облысы әкімдігі бүгінгі таңда 13 мердігер ұйымның күшімен (690 құрылысшы мен 11 техникалық қадағалау маманы) жұмылдырылып, 82 техника тартылды) тұрғын үйлер мен инженерлік желілердің құрылыс-монтаждау

жұмыстары жүргізіп жатқандарын жеткізді.

Айта кетейік, Қасым-Жомарт Тоқаев өрт сөндірушілермен кездесуінде алапат алаумен күрескен сарбаздарға алғысын айтып, оларды наградаларға ұсынып, қаржылай сыйлық-ақымен марапаттайтынын жеткізді. Мемлекет басшысы сапар соңында еріктілермен де жолығып, сын сағатта шет қалмай, қолұшын берген азаматтарға «Сіздер нағыз патриот-сыздар, сіздерді мақтан тұтамын» деп алғысын айтқан болатын.

Қиын сәтте қостанайлықтарға қолұшын созғандардың қатарында «Alatau Aqparat» медиахолдингінің қызметкерлері де бар. Алғашқылардың бірі болып көмек көрсетуге ниет білдірген ұжым мүшелері өрттен зардап шеккендерге 280 мыңға жуық теңгені құраған бір күндік жалақыларын аударды.



САЙЛАУ–2022

Еркін НҰРАЗХАН,
ҚР мәдениет қайраткері,
суретші:

КӨП ДҮНИЕГЕ ҚОЛЫМЫЗ ЖЕТТІ



Елімізде сайлаудың өткені де дұрыс. Өйткені, 7 жылға бір-ақ рет сайлансын деп өзгеріс енгізді. Ойына алған жоспарлары, бағдарламалары бар, халықтың мына әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту, моральдық-психологиялық жағдайды жақсарту, содан кейін мына рухани дүниені дұрыстау керек. 30 жылда, әрине Тәуелсіздік алғалы бері көп дүниеге қолымыз жетті деп есептейміз, дегенмен шашылып қалған дүниелер де бар. Халықтың көңілінде жүрген нәрселер бар. Соның бәрін ретке келтіру керек, сондай жақсы ойлары бар деп есептейміз. Соны жүзеге асыру үшін де, мүмкін, осы уақытты тандап отырған шығар.

Арман ЖҮДЕБАЕВ,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚАРҚЫН ДАМЫП КЕЛЕДІ



Өздеріңіз білесіздер, 1 қыркүйекте ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті Қазақстан халқына Жолдауын жариялаған

Сәуле ДОСЖАН,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕРЕК

Менің ойымша, халық сайлауға дайын. Елімізде үлкен экономикалық реформалар жүріп жатыр. Бірақ осы Жолдауда айтылған міндеттерді жүзеге асыру үшін мемлекетімізде бір тұрақтылық болуы керек. Ол тұрақтылық болуы үшін Президентіміз қайтадан тұрақты түрде сайлануы қажет. Өзірге реформа бойынша Мемлекет басшысы 7 жылға сайланады. Мұны өте жақсы шешім деп ойлаймын және қолдаймын. Егер істеймін деген адам болса, сол уақыт аралығында айтқанының бәрін орындайды. Бұл сайлау – алдағы өзгерістер толық орындалып, халық тұрмысы жақсарсын деген мүддеден шыққан сайлау.



Динара САПАКОВА,
журналист:

ӨЗГЕРІСТЕР КҮТЕМІЗ

Мен осы сайлаудан кейін жаңа өзгерістер мен жаңа реформалар күтемін. Еліміз ең дамыған елдермен қабырғасы тең тұрады деп үміттенемін. Өсіресе, экономикалық тұрғыда дамысақ деймін. Қазірдің өзінде Орталық Азия елдерінің ішінде Қазақстан көш бастап тұр. Бізге қарап бой түзеп, біз үлгі тұтатын мемлекеттер де бар.

Әлемдік аренадағы сыртқы саясатымыздың арқасында еліміздің пікіріне құлақ асатындар көбейді. Осы орайда, өзге елдерде қандай қиын жағдайлар болып жатқанын білеміз. Сондықтан мен бірінші кезекте елдегі тұрақтылықты жақтаймын.

Сондай-ақ, көрші елдердің тұрғындары болсын, шетелдік туристер болсын, біздің елімізге қорқынышсыз еркін келеді. Олар ертең не болады деп қорықпай, Қазақстанда болашақтарына сенімді түрде жүре алады. Бұл жағдай мені қуантады. Сондықтан өз елімде мен де мемлекетіміздің болашағын құруға өз үлесімді қосқым келеді.

болатын. Сол Жолдау аясында осы күзде кезектен тыс Президенттік сайлау өтетіні нақты айтылды. Бұл өте дұрыс шешім деп ойлаймын. Халықтың талқылауында өтті, құзырлы органдарының бәрі қарады. Сондықтан да Президентіміз Қазақстан халқына Жолдауында нақты суперпрезиденттік басқарудан саты-саты бойынша президенттік және де мықты парламент болу қажеттігін жеткізді. Бұл сайлау науқаны өте әділ болатынын атап өтті. Осы жақында ғана «Аманат» партиясының 24-кезектен тыс съезі өтті.

«Жаңа Қазақстан құрамыз» деп отырмыз, алдымызда жаңа Қазақстанды үлкен белестерге шығару жоспары тұр. Демократиялық қарқын қазір дамып келе жатыр. Сондықтан Президенттің нақты қадамдары осы – кезектен тыс сайлау өткізу. Сайлау болашақтағы Қазақстанның келбетіне, өсуіне өзінің нақты жолдарын белгілейді деп ойлаймын.



ЖОЛДАУ–2022

ЕЛ ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРЕДІ

Алматы қаласында «Президент сайлауы: жаңа саяси дәуірге қадам» атты «Sagap» эксперттік клубының және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының саяси зерттеулер орталығымен бірлескен аймақтық отырысы өтті.

Жиын барысында «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ мүшелері Жолдаудың басым бағыттарының маңызын түсіндірді. Екі сағатқа созылған отырыста қатысушылар бес бағдарға бөлінген Жолдаудағы ел дамуына серпін беретін салаларға жеке-жеке тоқталды. Жолдауда жарияланған реформалардың бағыт-бағдары, халықты әлеуметтік қолдау, елдің экономикалық дамуы, жаңа экономикалық саясаттың мақсаты, білім мен денсаулық сақтау, құқық қорғау салаларындағы өзгерістер, құрылыс, жер, жастар мәселелері кеңінен айтылды.

«1 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламенттің қос палатасының бірлескен отырысы кезінде Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жолдады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Үндеуінде сайлау науқаны қатаң түрде еліміздің заңнамасына сәйкес жүргізілетіндігіне кепілдік беретінін мәлімдеді. Мемлекет басшысы саяси өзгерістерді ашықтық, әділдік және өзара сенім арқылы жүзеге асыру маңызы екенін атап өтіп, ауқымды реформалар пакетін жолдады. Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаев кезектен тыс Президент сайлауы өтетіндігін жариялап, Президенттің өкілеттігін қайта сайлану құқығынсыз 7 жылдық бір мерзіммен шектеуді ұсынды», – дейді «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ Басқарма төрағасының орынбасары Әсем Қайдарова.

Іс-шараға мемлекеттік органдардың өкілдері, белгілі саясаттанушылар, қоғамдық пікір көшбасшылары, ҚР ҒҖБ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының қызметкерлері және ҚКДИ сарапшылары қатысты. Отырысқа қатысушылар сайлаудың саяси жүйедегі рөлін талдап, кезекті сайлау процесіндегі инновациялар мен өзгерістерді, ашықтық пен заңдылықты қамтамасыз етуді талқылады.

Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайында Президент Жолдауын талқылау үшін «Еңбек адамдарын құрметтеу» атты «Дөңгелек үстел» ұйымдастырылды.

ЕҢБЕККЕ – ҚҰРМЕТ!

Ақпараттық-насихаттық шара барысында Amanat партиясының мүшелері Жолдаудан туындайтын мақсаттар мен міндеттерге ерекше тоқталып өтті. Басқосуға музей қызметкерлері, суретшілер, қоғам қайраткерлері қатысып, өз ойларын ортаға салды.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында кәсіби маманның қадірін білу керек екенін, еңбекқор адам мемлекетті дамытатынын баса айтты. «Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады» деп атап өтті Президент Ұлттық құрылтайда және «Жастар рухының» съезінде сөйлеген сөзінде. Мемлекет басшысы қарапайым еңбек адамына құрмет көрсету керектігін ұдайы айтып келеді. Қоғамда еңбек адамдары ұлықталып, адал кәсіп иелерінің еңбектері мемлекет тарапынан елене берсін. Бұл тұрғыда музей қызметкерлерінің еселі еңбегін айрықша атап өткеніміз жөн болар», – дейді Amanat партиясы Бостандық аудандық филиалы жанындағы Мемлекеттік басқаруды дамыту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің мүшесі Нұрлыбек Мыңжасаров.

Жалпы, Мемлекет басшысы Жолдауда саяси жаңғырудың басты мақсаты – азаматтардың мемлекетті басқару ісіндегі рөлін арттыру екенін атап өтті. Бұл бағытта өңірдегі үкіметтік емес ұйым мүшелерінің ролі ерекше. Себебі, қоғамдық ұйымдардың қызметі елімізді орнықты және жан-жақты дамытудың тағы бір маңызды факторы саналады. Музей қызметкерлері Президент Жолдауындағы пәрменді тапсырмаларды қолдап, туындаған мақсаттар мен міндеттерді назарға алып, Жолдау аясында жүзеге асатын бағыттарда белсенділік танытуға шақырды.

20 қараша

2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ПРЕЗИДЕНТТІККЕ КАНДИДАТҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

КАНДИДАТ ТУМЫСЫНАН ҚР АЗАМАТЫ БОЛУЫ ТИІС

40 ЖАСҚА ТОЛҒАН 40+

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ЕРКІН МЕҢГЕРГЕН

СОҢҒЫ 15 ЖЫЛ БОЙЫ ҚАЗАҚСТАНДА ТҰРАТЫН

ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ КЕМІНДЕ 5 ЖЫЛ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ БАР

БЕЛСЕНДІ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНА ИЕ АЗАМАТ БОЛУЫ ТИІС



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Адам баласының жануарлар арасындағы сенімді досы ит екендігін жақсы білеміз. Тіпті, жеті қазынаның қатарына да жатқызамыз. Бұрындары кішкентай кезімде менімен ойнап, жануар болса да көңілімді табатын «Ақтабан» деген күшігіміз болатын. Ата-анам мені итпен ойнап келгеннен кейін жуындырып әлек болатын. Сонда, «құмай тазымыз болғанда саған алаңдамас едік, түрлі аурулармен ауырып қалмас едің ғой» деп күрсініп қоятын. Құмай тазыны асырау, бағып-қағу екінің бірінің қолынан келе бермейтін шаруа. Сол себептен болар, біздің үйдегілер қарапайым иттерді асырайтын. Тіпті, ауылдың өзінде де мал бағатындар, аңшылар болмаса, иттің бұл түрін жиі кездестіре қоймайтынбыз. Кішкентай кезімде «құмай тазы қалай, қайдан пайда болды, оның арғы атасы қайдан келген?» деген сұрақтар мазалайтын. Кейін әлеужеліні ақтарып отырып, мынандай ақпараттарды көзім шалды.



ТАЗА ҚАНДЫ

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫТАЗЫНЫҢ ДА
ТАРИХЫ БАР

Тазы қазақ даласына сақ заманында келген деп шамалауға болады дейді мамандар. Шамамен 2000–2500 жылдар бұрын болса керек. Кейбір тасқа қашалған петроглифтерден тазыға ұқсас аңшы иттерінің бейнесіне қарап, бұдан да ертерек замандарда пайда болған ба деп болжам жасауға да болады. Дегенмен, тықыр тазылар осыдан бес-алты мың жыл бұрын перғауындар заманында өмір сүрген. Әйгілі Тутанхамон қабірінің ішіндегі ажал құдайы Анупис – қара түсті тазы бейнесінде бейнеленген.

Осы ретте Е.Жұмабайұлы есімді журналистің жариялаған мына бір мақаласына зер салсақ. «Қазақ тазысы мен ауған тазысы Орталық Азияға парсы тазысымен бір дәуірде келіп, оны сақтар мен ауғандар жергілікті табиғи жағдайдың ерекшеліктеріне сай жетілдіріп, қолдан сұрыптап өткізгенге ұқсайды. Дегенмен, соңғы кездегі зерттеулер Орта Азияда таралған тазыларды арабтың слюгги (слугги) аңшы иттерімен будандасудан пайда болған жергілікті тұқым деп есептейді. Тазының отаны Қазақстан және Түркіменстан (әредік Өзбекстан жерінде де өсіріледі) деп есептеледі. Түркімен тазысы қазақ тазысына қарағанда бітімі ұсақтау келеді. Тазы итті Орта Азияның көз жетпес кең даласының тұрғындары арабы иттерді жергілікті тұқыммен будандастыра отырып, сұрыптау нәтижесінде шыққан ат үстінде аң аулайтын бекзадалар мен дегдарлардың ермегіне және малшы-бақташылардың күнкөрісі үшін қызмет еткен тұқым деп есептейді», – дейді.

«ТҮСІНІКСІЗ» ИТТЕР КӨП

Қазіргі уақытта жастардың арасында ат жүгіртіп, соңына ит ертетіндер некен-саяқ. Әр ауылда аңшылыққа әуес жігіттер болғанымен, түпкілікті айналысатын, оған жан-тәнімен берілген азаматтарды табу қиын десек, артық айтпағанымыз болар. Серілердің сарқытындай болған, өне бойынан қазақылықтың иісі есіп тұратын қазақ жігіттерін кездестірмейтін болды. Алайда, оларды жоқ деп айтқанымыз да жарай қоймас.

Солардың бірі де, бірегейі Құрманғазы Әлиманов есімді аңшы жігіт. Оның айтуынша, итті күтіп, баптау жолдары өте қарапайым. Оған ең бастысы, жануарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлық қажет дейді. «Ит күтімі – қарнын тоқ қылып, уақытылы атқа мініп, оны соңынан ертіп отыру. Нағыз ит күтімі – осы. Ит өз формасын жоғалтпауы керек. Біз ит күтімі былай болуы керек деп, әлденені тыңнан ойлап тауып жатқан жоқпыз. Бізге бұрынғылардан жеткенді жасаудамыз. Баяғыдан келе жатқан итті баптау, иттің қоясын түсіру, итті ауыздандыру деген дүниелер бар. «Иттің қоясын түсіру» әртүрлі жағдайда жүреді. Қоясы түспеген ит жүгірмейді, көңіл күйі болмайды. Қоя – жеген тамағы,

ТАЗЫЛАР ҚАЙДА?

Ат жүгіртіп, ит ерткен заман бөлек...



жүн-жұрқадан асқазанында түйіншіктің түйіліп қалуы. Оны түсіру үшін сары майға немесе тоң майға жылқының қылын орап жұтқызады. Содан ит құсып, қоясын тастайды. «Иттің артына сары май жақпас» деген сөз содан қалған болуы керек. Ал кейде иттер көк шөп жеп, қоясын өзі түсіріп жатады. Бірақ ол саған керек кезде болмауы мүмкін. Сондықтан өз қажетіне ыңғайлап отырсың», – дейді шабандоз аңшымыз. Ол сондай-ақ, жақсы иттерді серік қылып алуды ойластыру керектігін атап өтті. Оның айтуынша, қазіргі уақытта иттердің тұқымдары да майдаланып, тіпті жаман ауруларға шалдыққандары болуы мүмкін. Сол үшін де өзіңіз танитын жан-дардан күшік асырап алуыңыз қажет дейді. Құрманғазының сөзінше, кей адамдар қасқыр алатын ит жасаймыз деп, оны будандастыруды қолға ала бастаған. Осы арқылы шоу жасап, иттің құнын да қым-

баттатып алуды ойлап жүргендері де жетерлік дейді.

Тазы – тазы болуы керек, дөрегейі – дөрегей, төбет – төбет болып қалуы керек деген тұжырымға біз де қосыламыз. Қазіргі уақытта тазының да түр-түрі бар. Жарғақ құлақ тазы, шашақ құлақ тазы дегендей. Кей пысықайлар бүгінде шашақ құлақ пен жарғақ құлақты араластыратын көрінеді. Нәтижесінде «түсініксіз» иттер пайда бола бастаған. Одан да сорақысы – төбетті тазыға салу. Әйтеуір бірденені бірдене салмаса, жүре алмайтындар көбейіп, тазының түр-сипатын өзгертіп жатқандары баршылық. Бұрындары біз көріп өскен тазылар салпаң құлақ, шашақ құлақты, құйрығы дөңгелене оюланып, қайырылып тұратын еді. Құйрығында селдір шашақтары, кейбірінің аяқтарында балақ жүндері болатын. Кейіннен неше түрлі иттер пайда бола бастағаны көңілімізді көншітпей жүргені жасырын емес.

НАНЫМ-СЕНІМ НЕ ДЕЙДІ?

Қазақ үшін жүйрік ат, қыран бүркіт және құмай тазының жөні бір бөлек. Бұл тұрғыда халық арасында түрлі наным-сенімдер де пайда бола бастаған.

Адамның басына қонған құт пен шаңыраққа келген ырыс көбіне ит болып келеді: сол үйге құтпан ит немесе алғыр тазы бітеді де ол адамның барлық тілеуін жүзеге асырып, мұратына жеткізеді дейді қазақ сенімінде. Жаңа үйленген жастарға үбірлі-шүбірлі, дені сау, берік болсын (итше күшіктесін) деген ырыммен жас келіннің көйлегінің етегінен итке жем бергізеді. Аяғы ауыр әйел жерігі қанғанша итке «кет» деп айтуға тыйым салынған.

ҚҰМАЙ ТАЗЫНЫҢ
ЖӨНІ БІР БӨЛЕК

Тазы иттің алғаш өз бетімен аң алуын «тырнақалды» құрметіне балап, ауылдастары жиналып, қайырлы болсын айтып, қуанышқа кішігірім той жасайтын болған. Аңшы олжасының етінен аяғы ауыр әйелдер ауыз тисе, мылтық пен қақпаны қырсығып қалады. Өйткені, жүкті ананың арғы әлеммен байланысы бар, құрсақтағы ұрпақ бергі әлемге әлі үлгеріп келмеген. Мұндай сәтсіздікке душар болған аяғы ауыр әйел аңның етіне ансары ауып, жерік болып тұрса, аңшы құралына ақ түсті матаны байлап, аңшыға кәдесін беріп барып еттен ауыз тиген.

Тазымен болсын, бүркітпен болсын саятқа шыққан кезде бөгде кісімен кездесе қалған аңшылар тобының адамы «Байлансын-ақ» дейді екен. Егер де «Байлансын-ақ», – деп ол бұрын айтса, олар: «Майлы шұжық айлансын-ақ», – деп тілектестік білдіреді. Саятта келе жатқанда алдынан шыққан көлденең адамның тіл-көзі тазы мен құсқа тимесін деген ниеттен туған. Сондықтан да аңшы басқа сөзбен емес, «Байлансын-ақ» деп айқай салып амандасып, қаскөй рухтарды осы құдіретті сөзбен матап, аңды да буып, шырмап тастауды ойласа керек.

Тазы мәселесін алғашқылардың бірі болып зерттеген А.Слудский дерегі бойынша қазақтар Қараталда тазыны қалыңдыққа берілетін құнға, яғни 47 байталға сатып алатын болған. Жақсы тазының құны аттың құнынан да кем түспеген. Таза қанды тазылар Бөкей Ордасында да өсірілген және құны өте қымбат, сол кездегі ақшамен 50 сомға тең келген. Кейінде ел келдейленген кезде аң алатын иттің қарапайым күшігін бір құлынды биіге сатып алған жайлар кездескен.

Қазіргі уақытта тазылардың құны да, өзіндік орны да артып келеді. Алайда, күнделікті күйбең тіршілікте аңшылық, саятшылық кәсіппен айналыспай жүргеніміз көңілімізді көншітеді. Бұлай бола берсе, құмай тазымыздың сұлбасын архивтерден, музейлерден ғана көріп қаламыз ба деген уайымның бар екендігі де жасырын емес.

МЕМОРАНДУМ

ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІР

«Ұлттық баспасөз клубында» Қазақстан Журналистер одағы мен Корей Журналистер қауымдастығы арасындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті. Жылы шырайлы кездесуде Қазақстан Журналистер одағының басқарма төрағасы Сейітқазы Матаев пен Корей Журналистер қауымдастығының президенті Ким Дон Хун екі ел арасындағы ынтымақтастық пен байланысты нығайту мәселесі туралы жан-жақты айтты.



Рая
ЕСКЕНДІП

Қазақстанға арнайы келген Корей журналистері алғашқы әңгімені қазақ даласынан алған әсерлерінен бастады.

– Бұл сапарға ұзақ дайындалдық. Қазақстанның жері мен елі бізді жылы қабылдады. Адамдары жылы жүзді, мейірімді екен. Біз Тәуелсіз Қазақстанның дамуы, әлемдік өркениет көшіндегі алар орны, мәдениеті, тарихы туралы кеңінен білгіміз, Қазақстан туралы БАҚ беттерінен, дерек көздерінен алған мәліметтеріміз өз алдына, нақты көзімізбен көргіміз келеді. Байтақ Қазақстанмен жете танысқы-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

мыз келеді. Кез келген мемлекетті сыртқа танытатын оның БАҚ саласы екені белгілі, сондықтан Қазақстандық әріптестерімізбен жете танысып, болашақта ынтымақтастық орнатқымыз келеді, – деді Корей Журналистер қауымдастығының президенті Ким Дон Хун мырза. Өз кезегінде Қазақстан Журналистер одағының басқарма төрағасы Сейітқазы Матаев Корей журналистерімен ымыраласа жұмыс істеуге дайын екенін білдірді.

– Жұмыс барысында екі мәрте Кореяда болдым. Корей әріптестеріміздің еңбек-қорлығы, шапшаңдығы ұнайды. Алматыда корей тіліндегі газет, арнайы телехабар, театр басқа да құрылымдар жұмыс істейді. Біздің де әрқашанда сіздермен тығыз байланыс орнатып, қоян-қолтық еңбек еткіміз келеді. Сіздермен бірлесе отырып, біздің қаламгерлердің жұмыс істеу тәжірибесін алмастыруға әзірміз, – деді Сейітқазы Матаев.

– Біз бес мемлекеттің Журналистер қауымдастығымен өзара меморандумға қол қойдық. Міне, бүгін Қазақстанмен де өзара түсіністік пен ынтымақтастық орнатып отырмыз, – деген Ким Дон Хун алдағы жоспарларымен де бөлісті.

Кездесудің соңында Қазақстан Журналистер одағының басқарма төрағасы Сейітқазы Матаев пен Корей Журналистер қауымдастығының президенті Ким Дон Хун екі елдің БАҚ дамуына жәрдемдесу мақсатында іскерлік келісімге қол қойды. Аталмыш меморандумда екі елдің медиамәдениетін дамытуға жәрдемдесу және Корей Журналистер қауымдастығы мен Қазақстан Журналистер одағы арасындағы достастық және өзара ынтымақтастық арқылы контент саласындағы өзара іс-қимылды тереңдету үшін қажетті мәселелер, сондай-ақ екі елдің БАҚ өзара дамуына ықпал ететін мәселелер талқыланады. Сонымен қатар, екі елде де жаңа медиалық ортаны дамыту тұрғысынан мүмкіндігінше өзара сапарлар, журналистер делегацияларымен алмасу кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте қаржылық және ұйымдастырушылық мәселелерді Тараптар әрбір сапар немесе делегациялармен алмасу алдында алдын ала келіседі. Тараптар контент саласында алмасу және ынтымақтастық жөнінде басқа да бірлескен күш-жігер жұмсайтын болады. Меморандумның қолданылу мерзімі қол қойылған күннен бастап күшіне еніп, оны бұзуды талап еткенге дейін күшінде қалады. Егер бұдан өзге де мәселелер болса, меморандумға кез келген өзгерістер мен толықтырулар өзара консультациялар жолымен енгізілуі мүмкін.

РУХАНИЯТ

«БӨРТЕ» – ҚАЗАҚ ҚЫЗЫНЫҢ БЕЙНЕСІ

II Халықаралық «Исабеков әлемі» театр фестивалі басталды

Мегполисте Республика күні қарсаңында ҚР Мемлекеттік және платиналы «Тарлан» сыйлықтарының лауреаты, жазушы-драматург Дулат Исабековтің 80 жасқа толған мерейтойына орай II Халықаралық «Исабеков әлемі» атты театр фестивалі бастау алды. Аталмыш іс-шараның ашылу салтанаты мен баспасөз конференциясы «Almaty Theatre» ғимаратында өтті. Театр фестивалінің шымылдығы Түркістан музыкалық драма театрының репертуарындағы «Бөрте» тарихи драмасымен ашылды.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Ағамыз мен үшін қазақтың үлкен жазушысы, көсемсөз шебері. Көзі тірі классик ағамыздың фестивалінде сөйлеу маған үлкен мәртебе. Жазушылардың ішінде мерейтойын 5 күн тойлап, түрлі елдерден келген театр өнерпаздары шығармаларын сахналап жатыр. Өз елдерінде кітаптарын аударып, халықтарына ұсынуда. Бұл біз үшін үлкен мәртебе. Дулат ағаның кереметі сол, тек қана жазып қоймай, осы қазақтың болмысын, тұрмыс-тіршілігін, әдебиетін, мәдениетін, өнерін



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

алыс-жақын шетелдерге танытып жүр. Жазушының сан қырлы шығармашылығын 5 күнге сыйдыру мүмкін емес. Алыстан келген қонақтарымызға алғыс білдіреміз. Фестивальге қатысушы өнер адамдарына жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атануына тілектеспіз», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.

Бұл фестивальге алыс-жақын шетелдерден үш театр: Эрзурум театры (Түркия Республикасы) «Өкпек жолаушы» қойылымын, Грузиядан И.Мачабели атындағы Цхинвали кәсіби мемлекеттік драма театры «Актриса» спектаклін және Австралиядан арнайы келген Мельбурн театры «Бөрте» шығармасын сахналамақ.

«Мен Дулат Исабековтің шығармашылығын зерттеп, аударып келе жатқан қарапайым адаммын.

Осы уақытқа дейін бірнеше әңгімесін аударып, оны театрда сахналап та жатырмыз. 2-3 айдың ішінде жазушының 7 хикаяты 2 кітап болып басылып шығады. Бұл біз үшін, Түркияның оқырмандары үшін жағымды жаңалық болып есептеледі. Себебі, қазақ әдебиеті Түркияда көп таныла қойған жоқ. Тіпті, ірі жазушылардың шығармалары түрік тіліне аударылмады. Біз сеніммен айта аламыз, Дулат ағаның шығармалары бізде ең танымал болады. Себебі, қазірдің өзінде кітапқа деген сұраныс көбейген. Бұл дегеніміз, Дулат Исабеков Түркияда ең көп оқылатын шетел жазушысының бірі болып халық жадында сақталады деген сөз», – дейді PhD, ғалым, аудармашы Ашур Өздемир.

Сондай-ақ, фестивальге Қазақстаннан үш театр: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық акаде-

миялық драма театры «Жүз жылдық махаббат», Мемлекеттік Құдыс Қожамьяров атындағы ұйғыр музыкалық комедия театры «Мұрагерлер» және Түркістан музыкалық драма театры «Бөрте» спектакльдерімен қатысып, бақтарын сынамақ.

Халықаралық «Исабеков әлемі» атты театр фестивалі алғаш рет 2012 жылы Дулат Исабековтің 70 жасқа толған мерейтойына орай өткен болатын. Театр фестиваліне бір автордың шығармашылығы бойынша Түркия, Болгария, Башқұртстан, Тәжікстан, Ресей (Омбы және Санкт-Петербург театрлары) сияқты мемлекеттердің театрлары мен республикалық театрлардан бас-аяғы 12 театр қатысты. Қазақ әдебиеті мен драматургиясының асыл қазынасына айналған Д.Исабековтің туындылары бойынша өткен фестиваль еліміздің мәдени, рухани өмірінде

ойып тұрып өз орнын алған мерекелік шара ретінде есте қалғаны белгілі.

Бұдан бөлек, Д.Исабековтің соңғы жылдары көптеген кітаптары шет тілдеріне аударылып, спектакльдері де Лондоннан бастап өзге де алыс-жақын шетел сахналарында қойылып келеді.

«Фестивальге бұдан да көп театрлар қатыспақ болды. Алайда, қаражаттың аздығына байланысты 6 театрға ғана рұқсат берілді. Шетелдің біраз театры, біздің театрларымыз ілінбей қалды. Біз осы жолы Австралияның өнерпаздары қазақ қызының бейнесі «Бөрте» қалай қояды деген қызығушылық танытып отырмыз. Осыдан біраз уақыт бұрын олар мені премьерға шақырған, алайда денсаулығым байланысты бармаған едім. Олар қазақ қызына қатты қызығушылық танытып отыр, себебі қазіргі таңда Еуропаның сахналарында ер адамның бейнесі көбейіп кетті. Сонымен қатар, біз Шыңғыс ханды білеміз, ал Бөрте таныстыру бізге, әлем елдеріне де сенсация болды. Олар атын өзгертіп, «Бөрте – императрица мира» деп сахналап жатыр. Қазақ қызының ержүрек, қайсарлығы, бірбеткейлігі еуропалықтар үшін ерекше құбылысқа айналған жайы бар», – дейді жазушы Дулат Исабеков.

«Исабеков әлемі» театр фестивалінің мақсаты – еліміздің рухани кеңістігіндегі халықаралық мәдени байланысты нығайту. Қазақ драматургиясын және Қазақстан театрларының өнерін насихаттау, ерекше режиссерлік шешімдер мен идеяларға қолдау көрсету. Сондай-ақ, драматург-театр-көрермен арасындағы қарым-қатынасты дамыту мақсатында өткізіліп жатқан жайы бар.

Бір автордың пьесалары бойынша өткізіліп отырған бұл фестиваль мәдени өміріміздегі елеулі оқиға болып қалмақ.



ЕҢБЕК АДАМЫ

АҚЫЛЫНА АҚЫ СҰРАМАЙТЫН АСЫЛ ҚАЗЫНА

Кітапхана – ұлылардың асыл сөзі мен өнегелі өсиеттері сақталған киелі орын

Кітапхана – білім мен руханияттың ордасы. Содан да болар, осынау тыныштық салтанат құрған, білімнің кені, кітаптың отаны атанған мекемеде қызмет ететін жандардың жаны нәзік, өздері аса мәдениетті болып келеді. Жалпы, қаламгерлер туындысын жазып, кітапты баспагер басып шығарғаннан кейін туындының тағдыры осы кітапханаларға тікелей байланысты екенін білеміз. Өйткені, оны халыққа насихаттаумен айналысатын басты мекеме – кітапхана.

Кітапхананың құдіреттілігін тарихтың өзі де нақтылай түседі. Сонау моңғол шапқыншылығы кезінде тарихи қала Отырарға шабуыл жасалған тұста «Жау қаумалаған кезде ең бірінші Отырар халқын, екінші Отырар кітапханасын құтқару керек», – деген жалынды сөздің өзі кітапқа деген ілтипат пен құрметті көрсетсе керек. Жер бетінен небір күштер жойылып кетсе де, кітапхананың сақталып қалары сөзсіз. Кітапхана – ұлылардың асыл сөзі мен өнегелі өсиеттері сақталған киелі орын. Кешегі Абай, Мұхтарлардың сағаттап, өмірлерінің небір сәулелі сәттерін

Мен де осындай отбасында тәрбие алып, жастайымнан кітап оқуға құмартып өстім. Кейін Қазақ қыздар педагогикалық институтында білімді жалғастырып, кітапхана ісі мамандығын алдым. Міне, содан бері арада 40 жылдай уақыт өтіп кетіпті. Уақыт өтсе де, руханият пен мәдениет саласына үлес қосып, осы жолды таңдағанымға қуанамын, – дейді Елена Жамелқызы.

Кейде қоғамда кітап оқылмайды, сондықтан кітапханалардың жойылып кетуі де мүмкін деген сынәржақ пікірлер айтылып қалады. Ондай кезде өз мамандығының нағыз



Кітапхана – жастардың бас қосатын, кітапты талқыға салып ой бөлісетін, әртүрлі үйірмелер жұмыс жасайтын коворкинг орталығы болуы керек.

өткізген орындары да осы – кітапхана. Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты Қазақстан Жазушылар кітапханасының меңгерушісі Елена Ағайса осынау киелі мекеннің шырақшысындай болып, ұзақ жылдан бері еңбек етіп келеді.

КІТАПХАНА ЕШҚАШАН ЖОҒАЛМАЙДЫ!

– Кітапхана саласына тағдырдың өзі әкелді деп ойлаймын. Бала кезімде мен де өзге қатарластарым сияқты асқақ арманға қол созып, әртис болғым келді. Бұл әлде балалық қызығушылық па екен, әлде сол кездегі атақты Роза апайымыздың әлемге танылғанының әсері ме екен, кім білсін? Әйтеуір буынып-түйініп, Мәдени-ағарту училищесіне жол тарттым. Сәтін салып, оқуға түсіп кеттім. Бұл қадам менің арманымды ұштап, қанат бітіргендей болды. Сондағы алған алғашқы мамандығым – клуб қызметкері және әуескөй ұлт-аспаптар оркестрінің жетекшісі болатын. Осылайша Жарма аудандық Мәдениет үйінде әдіскер қызметін атқарып жүріп, кітапхана саласымен жақынырақ таныса бастадым. Менің анам КСРО Жоғарғы Советінің депутаты болған, ал әкем кәсіпкерлігімен қоса бос уақытында домбырада ән салып, аңшылық құрған сері болған деседі. Анам Зағипа Ағайсенова депутат болған жылдары Мәскеуге 12 рет ұшып барып, Кремльде үлкен жиылыстарда тұңғыш ұшқыш-космонавт әйел Валентина Терешкова, маршал Иван Конев сынды КСРО-ның атақты тұлғаларымен пікірлес болып, небір сөздерге қатысқан еді. Алыс ауылда тұрған қарапайым қазақ әйелінің осындай дәрежеге жетуі біздің үйде кітап сөрелерінің толып тұруына себепші болды. Ата-анамыз бізді де кітап оқуға баулады.

маманы Елена Ағайсаның бозторғайдай шырылдаған үнін естисіз. «Кітапхана ешқашан жоғалмайды! Ғылыми әрі ақпараттық орталық қызметін атқаратын кітапхана келешекте тек көркеймесе, көлеңкеде қалып қоймасы анық. Қазір ақпараттық технологиялар заманы. Бүгінгі таңда қалың оқырман, көпшілік жастар білімді интернет желілерінен алып жатыр. Дегенмен, оның дұрыс әрі тексерілген ақпаратты ұсынбайтыны көпке аян. Кітап ол ғылыми сараптан, бірнеше маманның тексерісінен өтіп барып көпшілікке ұсынылады. Сондықтан да кітаптың болашағы зор. Ал кітап бар жерде кітапхана да бар. Мысалы, шетелде 24 сағат жұмыс жасайтын кітапханалар бар, сол секілді біз де кітапханаға келген адамдарға рахат сыйлайтындай атмосфера бере алуымыз керек. Болашақта кітапханаларда демалып, тіпті ұйықтап, тамағын ішіп алуына да мүмкіндіктер жасауға болады деп ойлаймын. Жалпы, кітапхана тек кітап беріп, алатын орын емес, демалатын, пікір алмасатын, дамитын орталыққа айналуы керек», – деп азаматтық үнін білдіріп жатқаны.

ТЕГІН ДҮНИЕНІҢ ҚАДІРІ БОЛМАС

Уақыт өткен сайын, кітапханалардың да қызмет көрсету сапасы өзгеріп, заманауи кітапханалар қазір дәстүрлі функциялардан бөлек, заман талабына сай қызмет түрлерін ұсына бастады. Әрине, кітапхананың басты мақсаты – кітаптарды насихаттау, кітап оқуға баулу. Сонымен қатар, көпфункционалды мекеме ретінде оқырманның кез келген сұранысын қанағаттандырып қана қоймай, тез әрі тиімді қызмет көрсетуге бейім болуы қажет. Кітапхана – жастардың бас қосатын, кітапты талқыға салып ой бөлісетін, әртүрлі

үйірмелер жұмыс жасайтын коворкинг орталығы болуы керек. Осы қызметтерді жүйелі түрде дамыта білгенде ғана кітапхананың қоғамдағы маңызы арта түспек. Өз саласының жетік маманы ретінде Ағайса Жамелқызы «Кітапханалар келешекте коммерцияланады» деген пікірге де өз көзқарасын былайша білдірді.

– Кітапханаларда ақылы қызмет тәуелсіздік алған жылдары болды. Оқырман билеттері, көшірме жұмыстарын жасау сияқты қызмет түрлері ұсынылатын. Қазіргі кезде барлығы тегін, тіпті кітапханадан пайда табамын деудің өзі дұрыс емес. Дегенмен, кітапхананың күнделікті майда-шүйде шығындары өте көп. Мәселен, кітаптың тұсаукесері, қаламгерлермен кездесулер, конференциялар, «дөңгелек үстел» сынды іс-шаралар өткізген кезде кеткен шығындарды жабу үшін ақылы қызметтер ұсынылса, қарсы емеспіз. Тегін дүниенің қадірі болмас дегендей, кейде оқырмандарымыздың шектен шығып, немқұрайлылық танытатынын көріп, ішіміз ашып жатады.

Біз білетін, біз танитын Елена Ағайсаның бойында біріншіден өз мамандығын сүйе білетін қасиеті бар. Қолға алған жұмысына жан-тәнімен беріліп, тиянақтылықпен аяғына дейін жеткізе біледі. Өзі ізденімпаз, білімге құштар, жаны жаңашылдықты қалайтын, қазіргі тілмен айтқанда, креативті маман. Өзі күн сайын ізденіс үстінде жүреді, жастардың

ой-пікірін тыңдап, оларға тәжірибелі маман ретінде жөн сілтеп отырады. Содан да болар, қарамағындағы жас кітапханашылардың бойынан ақжарқын мінезді, адамдармен тіл табыса білетін, білімді, жан-жақты болуы керек деген қағиданы талап етеді. Қазіргі кезде жастар арасында кітапханашы мамандығын таңдағысы келетін жастар саны азайып барады.

– «Мен кітапханашыларыма «аз ақшаның берекесін берсін» деп айтамын, олай дейтінім, кітапхана ісі – берекелі сала. Егер шын беріліп қызмет қылсаң, қара жер де құр қалдырмайды», – деп дем беріп отырамын. Шыны керек, қазіргі кезде жастарымыз кітапханашыны мамандық деп есептемейді. Оған себеп – жалақының аздығы.

Бүгінде мұғалімдердің мәртебесін көтергені сияқты кітапханашылардың да дәрежесін солай биіктетсе, бұл саланы таңдайтын жастардың саны артар еді. Өйткені, кітапханашылар да ұстаздар тәрізді оқырманға білім берумен айналысады емес пе? Оған қоса, кітапханашы мамандарын дайындайтын оқу орындары да аз. Кітапхананың өз тәртібі бар, оқырман да, кітапханашы да соған бағынуы тиісті. Кітапхананың ерекшелігі – тыныштық. Сол тыныштықты оқырмандардан талап ету – біздің міндетіміз, – дейді алдына мақсат қоя білетін, нағыз еңбек адамы Елена Ағайса.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

Кітапханашыларды қолдауымыз керек

Көп жағдайда кітапхананың да, кітапханашылардың да жағдайы назардан тыс қалып жатады. Осындай олқылықтардың орнын толтыру мақсатында Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов ендігі жерде мектеп кітапханаларының қорын ұлттық ауыз әдебиет туындыларымен қамтамасыз етуді қолға алып отыр.

Сондай-ақ, министрдің кітапханашыларға әдістемелік қолдау керек дегені де ел назарын өзіне аударды. Сонымен қатар, министрлікте «Оқуға құштар мектеп» жобасының іске асу барысы талқыланып, балалар әдебиетінің ішінде ғылыми фантастиканы дамытудың маңыздылығы кеңінен сөз болған еді. Бұл ретте мамандар Қытайдың тәжірибесін мысалға келтіріп, бұл елде ғылыми фантастиканы дамытуға бағытталған арнайы заң мен Жазушылар қауымдастығы жанынан Ғылыми фантастика комитеті құрылғаны жөнінде айтып, өз пікірлерін ортаға салды. Бұл арада Асхат Аймағамбетовтің «әуелі мектеп кітапханаларының қорын ұлттық құндылықтармен байыту маңызды», – деген пікірін көпшілік жылы қабылдады.

Осыдан біраз уақыт бұрын «Оқуға құштар мектеп» жобасы қолға алынғаны белгілі. Қазір осы жоба қалай іске асып жатыр? Тіпті, кей жерлерде кітапхана бар, бірақ жұмысты барынша ұйымдастырғанның өзінде балаларға қызықты емес, басқа әдебиеттерді бірінші орынға қойып, сөрені толтырып тастайды. Осы ретте мектепке кітап сатып алу кезінде ұлттық құндылықтарға басымдық беріліп, біздің ұлттық құндылықтарды дәріптейтін – аңыздар, батырлар жыры, ұлттық ертегілер мен эпостық жырлар қамтамасыз етілуі керек екені назарда болуы керек.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



Жаңадан сайланған учаскелік сайлау комиссияларының құрамы туралы Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының хабарламасы

АЛАТАУ АУДАНЫ

№587 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Саялы шағынауданы, Ақсайнар көшесі, 7

«№180 жалпы білім беру мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

Шекарасы: Саялы шағынауданының №63, 58, 2, 61, 18, 59, 4, 16, 8, 28, 21, 35, 30, 32, 20, 43, 33, 45, 3, 9, 7, 17, 1, 15, 11, 13, 5, 6, 66, 64 көпқабатты тұрғын үйлері.

Торғасы – Изимханова Жанар Оразбаевна, **торғасының орынбасары** – Шайжанова Алия Токбергеновна, **хатшы** – Момынқұлова Таңшолпан Жанатқызы, **комиссия мүшелері** – Тунгатов Айгерім Асхатқызы, Исмаилов Дина Мухаметжановна, Амангүлелова Гулжанат Елтаевна, Ибраймылова Гулнұр Даниеловна.

№588 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Зерделі шағынауданы, 1/65

«№182 жалпы білім беретін мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

Шекарасы: №13 шағынауданының №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23 көпқабатты тұрғын үйлері. Зерделі шағынауданының №183, 182, 181 көпқабатты тұрғын үйлері. Көксайнар шағынауданындағы Мәмбетов көшесіндегі №1/33 көпқабатты тұрғын үй.

Торғасы – Солтанбеков Әли Солтанбекұлы, **торғасының орынбасары** – Есенгелді Айлана Наталиевна, **хатшы** – Қабылова Қамбат Чырбықызы, **комиссия мүшелері** – Болотова Асель Байғалированы, Нусишвили Ирина Алтыновна, Базарбаева Мархат Бекзатовна, Алимжидирова Гүлбану Арыновна.

№589 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Боралдай шағынауданы, Саттарова көшесі, 56

«№39 мектеп-гимназия» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

Шекарасы: Санин көшесінен Боралдай шағынауданы Жаужүрек көшесімен шығыс бағытта (оңтүстік жағы) Боралдай шағынауданы Саттарова көшесіне дейін; Боралдай шағынауданының Саттарова көшесімен оңтүстік бағытта (батыс жағы) Боралдай шағынауданының Саттарова көшесіндегі №53 үйіне дейін; Боралдай шағынауданының Саттарова көшесіндегі №53 үйден оңтүстік бағытта (батыс жағы) Боралдай шағынауданының Асанова көшесіндегі №1Б үйге дейін; Боралдай шағынауданының Асанова көшесінен оңтүстік бағытта (батыс жағы) Боралдай шағынауданының Меруерт көшесіне дейін; (батыс жағы) Боралдай шағынауданының Меруерт көшесіне дейін; Боралдай шағынауданының Меруерт көшесімен батыс бағытта (солтүстік жағы) Төмирис шағынауданының Көлсай көшесіне дейін; Төмирис шағынауданының Көлсай көшесімен оңтүстік бағытта (батыс жағы) Үлкен Алматы қаналына дейін; Үлкен Алматы қаналы бойымен батыс бағытта (солтүстік жағы) Санин көшесіне дейін; Санин көшесімен солтүстік бағытта (шығыс жағы) Боралдай шағынауданындағы Жаужүрек көшесіне дейін.

Торғасы – Какимов Расул Сергезиевич, **торғасының орынбасары** – Касымов Рүстем Оразбекұлы, **хатшы** – Торыбаева Гүлжахан Аухсановна, **комиссия мүшелері** – Жамлханова Олия Женисқызы, Келденов Қайрат Кадирбаевич, Ақыбаев Арман Усенович, Бердалиев Серик Игенбекович.

№590 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Зерделі шағынауданы, 1/65

«№182 жалпы білім беретін мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

Шекарасы: Дарбоз шағынауданының №1, 11, 9, 3, 7, 17, 15, 13, 23, 21, 19, 27, 25, 29, 37, 35, 33 көпқабатты тұрғын үйлері. Ақбұлақ шағынауданындағы Сергезин көшесіндегі №5 көпқабатты тұрғын үй.

Торғасы – Нұрабылова Гүлбану, **торғасының орынбасары** – Нұргүллі Майнұр Ақсұбаева, **хатшы** – Абдилдас Ақмарал Бекбергеновна, **комиссия мүшелері** – Спаналі Назерке Тәжібайқызы, Қанабекова Динара Тилеубаевна, Шалданбаева Жанар Тилеуабылқызы, Мурзабева Бағила Абылбаевна.

№611 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Қарасу шағынауданы, Шахматов көшесі, 17/8

«№179 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Теренқара өзені мен Птищевод бұй-бақша серіктестігінің №51 үйінің қиылысынан оңтүстікке қарай Қарасу шағынауданының Бағаналы Орда көшесіне дейін; Қарасу шағынауданының Бағаналы Орда көшесімен оңтүстікке қарай Қарасу шағынауданының Қапал көшесіне дейін; Қарасу шағынауданының Қапал көшесімен оңтүстікке қарай Қарасу шағынауданының Шахматов көшесіне дейін; Қарасу шағынауданының Шахматов көшесімен батысқа қарай Қарасу шағынауданының Мойылды көшесіне дейін; әрі қарай оңтүстікке қарай Қарасу шағынауданының Бағаналы Орда көшесіне дейін; Қарасу шағынауданының Бағаналы Орда көшесімен батысқа қарай Қарасу шағынауданының Мұрат Мөңкеұлы көшесімен түйісуіне дейін; Қарасу шағынауданының Мұрат Мөңкеұлы көшесімен оңтүстікке қарай Теренқара өзеніне дейін; Теренқара өзенінің арнасымен солтүстікке қарай Птищевод бұй-бақша серіктестігінің №51 үйіне дейін.

Торғасы – Кудербаева Гүлнұз Сағатжановна, **торғасының орынбасары** – Дәурен Молдір Дүркенқызы, **хатшы** – Жұмақмет Уәлиевті Молдахметов, **комиссия мүшелері** – Алтасева Асел, Серикбаева, Момбеков Арман Есенгелдиевич, Слямханова Салтанат Слямхановна, Исраилова Гүлсеням.

№612 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Ұлжан-1 шағынауданы, Жалайыр көшесі, 48

«№152 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Үлкен Алматы өзені мен Ұлжан-1 шағынауданының Ақжар көшесінен қиылысынан шығысқа қарай Ұлжан-1 шағынауданының Жалайыр көшесіне дейін; Ұлжан-1 шағынауданының Бозарал көшесімен Ұлжан-1 шағынауданының Тәжежанов және Бозарал көшелерінің қиылысына дейін; Ұлжан-1 шағынауданының Тәжежанов көшесімен солтүстікке қарай Ұлжан-1 шағынауданының Балқұдық көшесіне дейін; Ұлжан-1 шағынауданының Балқұдық көшесімен шығысқа қарай Ашыбулақ өзеніне дейін; Ашыбулақ өзенінің арнасымен оңтүстікке қарай Самғау шағынауданының шекарасына дейін; Самғау шағынауданының шекарасымен батысқа қарай Үлкен Алматы өзеніне дейін; Үлкен Алматы өзенінің арнасымен Ұлжан-1 шағынауданының Ақжар көшесінің қиылысына дейін.

Торғасы – Ақсұбаева Нұржан Асетовна, **торғасының орынбасары** – Күсегенова Жазира Қалибековна, **хатшы** – Толқынбаева Жайна Ермекенова, **комиссия мүшелері** – Бексенова Рауша Карасеовна, Берикбаева Гүлмира Сағатбековна, Қаймоллаева Гаухар Уалхановна, Туринов Асхат Жұмаханович.

№613 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Төмирис шағынауданы, Центральная көшесі, 120

«№205 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Үлкен Алматы өзені мен Үлкен Алматы қаналының қиылысынан батысқа қарай Үлкен Алматы қаналына дейін; Үлкен Алматы қаналымен солтүстікке қарай Төмирис шағынауданындағы Центральная көшесіндегі №27/1 үйге дейін; Төмирис шағынауданындағы Центральная көшесіндегі №27/1 үйден шығысқа қарай Үлкен Алматы өзеніне дейін; Үлкен Алматы өзенінің арнасымен Үлкен Алматы қаналының қиылысына дейін.

Торғасы – Дәулетова Гулнұра Арыстановна, **торғасының орынбасары** – Жұбанова Нұргүл Жолдыбайқызы, **хатшы** – Қожаметова Азғұлым Серікқызы, **комиссия мүшелері** – Байсадықов Азғұлым Мақсұмов, Түлекбаев Қанат Аманжолұлы, Қоқубаева Азғұлым Григорьевна, Нұрабаева Айнұр Кенесқызы.

№614 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Шапырақ-1 шағынауданы, Отемүсілді көшесі, 109

«№169 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Үлкен Алматы өзені мен Шапырақ-1 шағынауданының Есентай көшесіндегі №36/1 үйден қиылысынан батысқа қарай Шапырақ-1 шағынауданының Шілікті Сай көшесіндегі №11 үйге дейін; Шапырақ-1 шағынауданының Шілікті Сай көшесіндегі №11 үйден Шапырақ-1 шағынауданының Шілікті Сай көшесіндегі №1 үйге дейін; Шапырақ-1 шағынауданының Шілікті Сай көшесіндегі №1 үйден батысқа қарай Шапырақ-1 шағынауданының Алпамыс көшесіндегі №87 үйге дейін; Шапырақ-1 шағынауданының Алпамыс көшесіндегі №91/1 үйге дейін; Шапырақ-1 шағынауданының Алпамыс көшесіндегі №91/1 үйден батысқа қарай Шапырақ-2 шағынауданының Жиделі көшесіндегі №30 үйге дейін; Шапырақ-2 шағынауданының Рахымов көшесімен оңтүстікке қарай Шапырақ-2 шағынауданының Сарыжаз көшесіне дейін; Шапырақ-2 шағынауданының Сарыжаз көшесінен шығысқа қарай Шапырақ-1 шағынауданының Ақан Сара көшесіне дейін; Шапырақ-1 шағынауданының Ақан Сара көшесімен Үлкен Алматы өзеніне дейін; Үлкен Алматы өзенінің арнасымен солтүстікке қарай Шапырақ-1 шағынауданындағы Есентай көшесіндегі №36/1 үйге дейін.

Торғасы – Еділбаева Жадыра Оразбаевна, **торғасының орынбасары** – Тоғабасов Рисбек Сапарбекұлы, **хатшы** – Тұрлашева Алина Маратовна, **комиссия мүшелері** – Жақипова Азғұлы Сериковна, Сайлауова Әзізә Мүгалмалқызы, Исимова Жанат Абижановна, Рамадин Нұржас Пазылбекұлы.

№615 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Саялы шағынауданы, Ақсайнар көшесі, 3

«№204 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Көксайнар шағынауданының Арқалық көшесіндегі №79 үйден Көксайнар шағынауданының Ақшағыл көшесіне дейін; Көксайнар шағынауданының Ақшағыл көшесімен оңтүстікке қарай Көксайнар шағынауданының Ақшағыл көшесіндегі №2/1 үйге дейін; Көксайнар шағынауданының Ақшағыл көшесіндегі №2/1 үйден шығысқа қарай Боралдай өзеніне дейін; Боралдай өзенінің арнасымен оңтүстікке қарай Саялы шағынауданының Ақбұлақ көшесіндегі №108 үйге дейін; Саялы шағынауданының Ақбұлақ көшесіндегі №108 үйден оңтүстікке қарай Саялы шағынауданындағы Ақсайнар көшесіндегі №17 үйге дейін; Саялы шағынауданындағы Ақсайнар көшесіндегі №17 үйден солтүстікке қарай Көксайнар шағынауданының Арқалық көшесіндегі №79 үйге дейін. Көксайнар шағынауданының Арқалық көшесіндегі №51, 57, 59, 45, 37, 73, 43, 39, 53, 55, 49, 47, 63, 61, 33, 35, 69, 71, 75, 79, 77 көпқабатты тұрғын үйлері.

Торғасы – Бақитова Шағатқ Бақитовна, **торғасының орынбасары** – Шонкина Жаналтың Данабековна, **хатшы** – Әбілда Сәуле Махамбетқызы, **комиссия мүшелері** – Сейдахметова Жанара Османовна, Тиммишова Гулнұз Усеновна, Дәулетбакова Ләйля Камаловна, Абдрахманова Гүлбайқы Уахитовна.

№616 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Саялы шағынауданы, Ақсайнар көшесі, 3

«№204 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Саялы шағынауданының №102, 104, 106, 101, 98, 97, 100, 127, 121, 95, 92, 124, 130, 134, 133, 126, 123, 129, 131, 94, 93, 112, 114, 111, 109, 107, 118, 115, 117, 120 көпқабатты тұрғын үйлері.

Шекарасы: Дарбоз шағынауданының №63, 41, 39, 47, 45, 49, 67, 57, 65, 53, 51, 61, 55, 59, 63 көпқабатты тұрғын үйлері.

Торғасы – Түсүмбаева Айнұр Ерешовна **торғасының орынбасары** – Ақылбекова Ұлжан Әзімбековна, **хатшы** – Танысбаева Ләура Меіріхановна, **комиссия мүшелері** – Нұрсенова Қамшат Жанатовна, Сәду Уәлиақы Ерболатқызы, Мамырова Мадина Амантаевна, Аделшова Нұрғиса Калдиновна.

№618 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Нұркент шағынауданы, 12

«№201 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Нұркент шағынауданының №1, 5/2, 5/3, 5/4, 5/5, 5/6, 5/7, 5/20, 5/21, 5/22 көпқабатты тұрғын үйлері.

Торғасы – Ақжолбева Асем Алжановна, **торғасының орынбасары** – Оспанбаева Сабина Төленовна, **хатшы** – Исакова Асел Жексенбековна, **комиссия мүшелері** – Қажикжанова Салтанат Асетовна, Токбай Маржан Қожамқұлқызы, Рахимова Гауку Нұрлановна, Сәду Алтынай Ерболатқызы.

№619 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Теректі шағынауданы, Ақтілек көшесі, 10

«№184 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Райымбек даңғылы мен Алматы қаласының батыс шекарасының қиылысынан қала шекарасымен солтүстікке қарай Теректі шағынауданының Мұратбаев көшесіне дейін; Теректі шағынауданының Мұратбаев көшесімен шығысқа қарай Теректі шағынауданының Ақадір көшесіне дейін; Теректі шағынауданының Ақадір көшесімен оңтүстікке қарай Теректі шағынауданының Мөртөк көшесіне дейін; Теректі шағынауданының Мөртөк көшесімен Теректі шағынауданының Шыңқаржар көшесіндегі №8 үйге дейін; Теректі шағынауданының Шыңқаржар көшесіндегі №8 үйден батысқа қарай Теректі шағынауданының Сайғатқы көшесіне дейін; Теректі шағынауданының Сайғатқы көшесімен оңтүстікке қарай Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылымен батысқа қарай Алматы қаласының батыс шекарасына дейін.

Торғасы – Таубаева Фарид Жилкишиевна, **торғасының орынбасары** – Адилбекова Айна Тәстеміровна, **хатшы** – Бегжанова Зарина Бегжановна, **комиссия мүшелері** – Сармаева Мадина Балабековна, Екібаева Ләура Қолшабарбаева, Құрманова Маржан Сейіхановна, Сайлыбаева Сатира Утегеновна.

№620 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Алғабас шағынауданы, Адлир көшесі, 16

«№185 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

